

Батыс Қазақстан облысының тұқымдық несиесі бойынша берешегін өтеуінің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 14 желтоқсан N 1843

Батыс Қазақстан облысында астық жинаудың жалпы көлемінің 1999 жылғы тұқымдық несиесі бойынша берешектің толық өтелуін қамтамасыз етуге жеткіліксіз болып, мүмкіндік бермеуіне байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. 1999 жылғы тұқымдық несиесі бойынша жалпы сомасы 4596 529 АҚШ долларына баламалы берешектің қалдығын өтеуді 2003 жылға дейін ұзарту туралы Батыс Қазақстан облысы әкімінің ұсынысына келісім берілсін.

2. Батыс Қазақстан облысының әкімі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) 2001 жылға арналған жергілікті бюджетті қалыптастыру кезінде 1 596 529 АҚШ долларына баламалы сомада 1999 жылғы тұқымдық несиесі бойынша берешектің қалдығын өтеуге арналған шығыстарды көздесін;

2) 2002 және 2003 жылдарға арналған жергілікті бюджетті қалыптастыру кезінде, оның шығыс бөлігіне жыл сайын 1 500 000 АҚШ долларына баламалы сомада 1999 жылғы тұқымдық несиесі бойынша берешектің қалдығын өтеуге арналған қаражатты енгізу жөнінде облыстық мәслихаттың келісімін алу туралы облыстық мәслихатқа өтініш жасап, осыған байланысты тұқымдық несиесі бойынша берешектің қалдығын белгіленген мерзімде өтеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының 2-тармағы орындалған жағдайда:

1) "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" жабық акционерлік қоғамына "Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры" жабық акционерлік қоғамымен (бұдан әрі - Қоғам) "1999 жылғы тұқым себу науқанына тұқымдық астықпен тауарлық несиесі беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 31 наурыздағы N 341 Р990341_ қаулысын (бұдан әрі - Қаулы) орындау үшін жасалған несиелік шартқа тиісті өзгерістер енгізу туралы келісім жасау ұсынылсын;

2) Қоғамға, Қаулыны орындау үшін, Батыс Қазақстан облысының әкімімен

өзара жасасқан шартқа өзгерістер енгізу туралы онымен тиісті келісім жасау ұсынылсын.

4. "Батыс Қазақстан облысының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 6 қазандағы N 1527

қаулысының
күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары Д.К.Ахметовке жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.